



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№91 (10491) 20 ҚАРАША, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

КЕЛІСІМНІҢ КІЛТІ – ОРТАҚ МҮДДЕ



18 ҚАРАША КҮНІ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРМЕН, ҚР ПАРЛАМЕНТІМЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН КҮШЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН «АССАМБЛЕЯ. ПАРЛАМЕНТ. МӘСЛИХАТТАР» АТТЫ ҚОҒАМДЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Дөңгелек үстелге аймақ басшысы Нұрдаулет Қылыбай, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Сенат депутаттары, жергілікті мәслихаттардың халық қалаулылары, ассамблеяның ақсақалдар мен аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктер өкілдері және жастар ұйымдары қатысты. Жиын барысында ҚХА-ның XXXIII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген тапсырмалардың өңірлік деңгейде орындалу тетіктері талқыланып, алдағы кезеңге арналған нақты басымдықтар айқындалды. Әсіресе қоғамдық келісім мен жалпұылттық бірлікті нығайту, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру, этносаралық түсіністі арттыру бағыттары күн тәртібінің негізгі өзегіне айналды.

Облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбай өз



сөзінде жобаның өңір үшін маңызын айрықша атап өтіп, бірлік пен тұрақтылықты сақтауда барлық институттардың үйлесімді жұмысы шешуші рөл атқаратынын жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ассамблеяның елдегі

бірлік пен келісімнің, бейбіт өмір мен тұрақтылықтың маңызды символы екенін атап өткен болатын. Біздің міндет – осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыруға бағытталған шараларды күшейту. Бұл жолда депутаттық топтармен өзара түсіністік пен бірлескен жұмыстың маңызы зор, – деді аймақ басшысы.

Кездесу барысында қатысушылар өңір жастарының әлеуметтік, кәсіби және психологиялық қолдау мәселелеріне де назар аударды. Облыстық мәслихат депутаты, аналар кеңесінің мүшесі Пания Сармурзина жасөспірімдерге эмоционалдық және психологиялық көмек көрсетудің біртұтас моделін әзірлеудің қажеттілігін сөз етсе, жас депутат Марат Абзал жастардың еңбек нарығына бейімделу тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Алқалы жиынның қорытындысында өңірдегі ассамблея жұмысына белсенді үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар марапатталды. Оларға ҚХА төрағасының орынбасары, ҚР Президенті әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілхановтың Құрмет грамоталары және ҚР Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту

комитетінің төрағасы Әлібек Бектаевтың алғыс хаты табысталды.

Бұл кездесу өңірде қоғамдық келісім мен бірлікке бағытталған жобалардың жаңа серіні алып, нақты іс-шаралармен жалғасатынын көрсетті.

«Маңғыстау» ақпарат.

ЖУРНАЛИСТЕР БІРЛІКТІ НАСИХАТТАЙДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫНДА «АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ БІРЛІК МЕН КЕЛІСІМ ИДЕЯЛАРЫН КЕҢІНЕН ДӘРІПТЕУ МАҢЫЗДЫ. БҰЛ – АССАМБЛЕЯНЫҢ БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА, ӘСІРЕСЕ ЖУРНАЛИСТЕР КЛУБЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МІНДЕТ. САЛАЛЫҚ МИНИСТРЛІК, ӨНІР ӘКІМДЕРІ ҚХА ЖУРНАЛИСТЕР КЛУБЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ЖЕТЕКШІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚОСЫП, КЛУБ ЖҰМЫСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ АЛГОРИТМІН ЖАСАУЫ КЕРЕК. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСТАРДЫҢ ТІЛІНДЕ ШЫҒАТЫН, ЕҢ АЛДЫМЕН, ӨНІРЛЕРДЕГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН ЖӨН», – ДЕП АТАП ӨТКЕН БОЛАТЫН.

Бүгінде берілген тапсырма өз межесінде орындалып, еліміздің әр өңірінде журналистер клубының мүшелері жаңарып, жұмыстары жандана түсті. Соның ішінде Маңғыстау облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жанындағы клубтың жыл бойы атқарған жұмысы тілге етуге тұрарлық.

Жуырда облысқа іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, ҚХА журналистер



клубының төрағасы Алишер Сатвалдиев журналистер клубына мүше жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесті. Жүздесу «Open Talk» тақырыбында еркін форматта өтті. Жиында клуб жұмысы қорытындыланып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай БАҚ өкілдері арасында ұйымдастырылған облыстық «Бірлік үнін жеткізген» байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Үздік телесюжет» номинациясына «Маңғыстау» телеарнасының журналисі Виктория Көшербаева, «Үздік мақала» номинациясына облыстық қоғамдық-саяси «Маңғыстау» газетінің тілшісі Айгүл Орынбаева, «Үздік пост» номинациясына МО қоғамдық коммуникация ұжымы, «Үздік фото, видео» номинациясына Амандық Аманқұлов, «Үздік Ютуб жоба» номинациясына «Отпан news» сайтының тілшісі Ольга Золотых ие болды.

(Жалғасы 2-бетте)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ИРАННЫҢ РАШТ ҚАЛАСЫНДА «КАСПИЙ – ДОСТЫҚ ПЕН АЙМАҚТЫҚ ДАМУ КӨПІРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ СЕЙЕД АББАС АРАГЧИ МЕН МӘДЕНИ МҰРА, ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОЛӨНЕР МИНИСТРІ СЕЙЕД РЕЗА САЛЕХИ АМИРИДІҢ ЖӘНЕ КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТЕҢІЗБЕН ШЕКАРАЛАС ОБЛЫСТАРЫ ӘКІМДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН РЕСМИ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Иран Ислам Республикасының бастамасымен аймақтық ынтымақтастықты нығайтуға, Каспий теңізіндегі тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық өзара әрекеттесуді және үйлестіруді арттыруға бағытталған бұл екі күндік кездесуге Ресей, Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан делегациялары қатысты.

Жиынға Қазақстан Республикасы тарапынан Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев қатысып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

«ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мырза Каспий теңізімен шектесетін бес елмен қарым-қатынасқа үлкен мән береді, мұны Маңғыстау облысы мен Каспий маңы елдері арасындағы өзара сауда көрсеткіштері растайды. 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында сауда көрсеткіші 171 миллион доллардан асты. Қолайлы географиялық орналасуына байланысты Маңғыстау облысы көлік, логистика, портты дамыту, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты әр түрлі салаларда қолайлы инвестициялық ахуалға ие және ынтымақтастықты нығайтуға көмектесетін барлық бастамаларды қолдауға дайын екенін мәлімдейді», – деп атап өтті Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев.

Екі күндік кездесудің соңында Каспий маңы елдері облыстарының әкімдері бірінші кездесудің қорытынды мәлімдемесіне қол қойды.

Өз тілшіміз.

Арнайы аймақтың ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА «АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫН ДАМУ ТҰЖЫМАРЫ ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БҰЛ ӨНІРГЕ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОРЛАРДЫ ТARTU ҮШІН ТЕҢІЗ ПОРТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ӨРТАРАПТАНДЫРУДЫ НАҚТЫ ТАПСЫРМА ЕТІП БЕРГЕН БОЛАТЫН. ОБЛЫС ӘКІМДІГІ ҮКІМЕТПЕН БІРГЕ ОСЫ МАҚСАТТА НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ КҮШЕЙТУГЕ, АУМАҚТЫ ҰЛҒАЙТУҒА ЖӘНЕ БАСЫМ САЛАЛАРДЫ БЕЛГІЛЕУГЕ БЕЛ БАЙЛАДЫ.

(Жалғасы 2-бетте)